

Ы.Алтынсарин оқытушының тек өзі оқытатын пәнді жақсы білуінің аздық ететінін ескерткен. Яғни ол ұстаздың жан – жақты білімді, интеллектуалдық өресі кең, жаңа нәрсегерді қабылдауға икемді болғанын қалаған. Оқушыларға арналған оку-әдістемелік құралдардан басқа оқытушыларға олардың оқып – біліп, өнеге алуы міндетті кітаптардың атын атап отырған. Олардың арасында Бобровскийдің «Педагогика», Коменскийдің «Ұлы дидактикасы», Реклюдің «Жер, құрлық және мұхит» сияқты кітаптары бар.

Әрине, Ұбырай заманынан бері психология, педагогика, жаратылыстану ғылымдары дамып, ілгері кетті. Бірақ ол назар аударған Ян Коменскийдің «Ұлы дидактикасы» өлі де маңызды.

Оқінішке орай, қазіргі бастауыш сынып мұғалімдерінің көбісі бұл кітапты білмеуі мүмкін.

Бала мен ұстаз арасындағы қарым – қатынас жақсы нәтиже беруі үшін олардың арасында шынайы әріптестік қатынас орнауы тиіс. Яғни ұстаз бала табиғатын, оның психологиялық ерекшеліктерін жан – жақты біліп, онымен тіл табысуға ұмтылуға міндетті.

Ы.Алтынсарин қаламынан туындаған хрестоматияға үнілсек, ғалым балалардың назарын аударған бірнеше маңызды этикалық ұстанымдарға тап боламыз.

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ БАРЫСЫНДА Ы.АЛТЫНСАРИННЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ

**Бекентаев С.Ж.**

Аманкелді атындағы орта мектеп

Ұлы ағартушы Ұбырай Алтынсарин қазақ балаларының оқуына, олардың заман ағымына сай білім алуына ұланғайыр улес қосқан педагог. Ол тек педагог қана емес, сонымен қатар жазушы да. Жазушы дейін себебіміз, балалардың мектептен білім алуынаға атсалысып қойған жоқ, ол мектеп оқулықтарын жазып, оны балаларға тарту етті.

«Оқытуши дүниедегі заттың бәрін қымбат, ал халық мектебі үшін ең керегі-мұғалім. Педагогикалық құлардардың ең жақсысы-ұқыптылық, жинақтылық, мұқияттылық пен сабакты жүргізу» деп санайды. Соңдай-ақ «Баланың адамгершілік, алғырлық қасиеттерінің дамуы ұстасға байланысты» деп санады.

Мұхтар Әуезов ғылыми зерттеулерінде, анықтамаларында Алтынсарин еңбектерін жан-жанкты бағалайды. «Ұбырай Алтынсарин-қазақ мәдениетінің зор қайраткері. Ұбырай тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол-жана үлгідегі ақын, әрі ол-сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, «бүратана» елдерүшін тың үлгілі мектеп ашуши. Ол-мектептің өзіне бөлек ерекшелігібар бағдарламаларын, оку құралдарын жасаушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен бірге, жазушылық пен оқутушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстыруши», – дейді ол.

Оқырман қаумынға мәлім, Ы.Алтынсарин отаршылдық мұдде түрғысынан ашылған Орынбордағы оку орнында тәрбиеленіп, орсы тіліне терен жетіліп шықтты. Арманы-туған халқының көкірек көзін ашып, европалық білім беру, кітаби ақындардың қиасс-дастандарындағы шүбарланып бара жатқан ана тілінің табиғатын таза сақтау жолында курс жүргізу еди. Бірақ сырттан еріксіз таңылған миссионерлік дүние-таным мен олардың педагогтық жүйесі бұл мақсатын жүзегі келтірді.

Отаршылдар мен миссионерлер оку-ағарту саясатында қаншалықты тұлқі бұлаңға салып түп мақсатын күльтрегелік жолмен бүркемелегенімен, бүратана халықтарды шоқындыру арқылы орыстандару саясатына қазақ жүртшылығы сескене қарады. Екінші жағынан, бұл жағдайды діндар молдалар да ушықтыра түсті. Мұндай құбылысты Қостанайдағы екі кластық аралас мектептің оқытушысы Ф.Д. Соколов өзінің 1889 жылғы 28 қыркүйектегі естелігінде: «...Оның Троицкі молдаларының ықпалына түсken Николайлық қазақтар арасында жаулары да болды. Олар оны орстарға ілтифатпен қараған үшін, қазақ балаларын шоқындыруға қызмет етеді деп жек көрген. Алтынсарин қазақ балаларын шоқындыру үшін емес, оларға европалық білім беру жолында үкімет ашқанорыс-қазақ аралас мектебін халық мұддесіне пайдалану мақсатын олар, әрине біле бермеген.»

Ильминский Ресей империясының орыстандару саясатын қазақ арасында жүзеге асыруды қазақтардың өз қолы мен істеу саяси жағынан лде қайда жол болады білгендейтін, Ы. Алтынсаринді осы шске пайдалануды көздеген. Осы сепепті Ильминский 1869 жылы Ағарту министріне жазға хатында: «...Алтынсарин ... қазақтардың ортасында өзі мектеп ашса, орыс алфавитін сонда қолданса, оны орыс елінің адамдары істетіп отыр дегізбей, өзі ашқа болса... ең әуелі жаңа идея Алтынсариндікі болады» (Қазақ архив, ф.968,оп.1-2 бет), – деп өз мақсатының басты да өзекті желісін ашып көрсеткен. Яғни мұнда орысалғавиті негізіндегі қазақ

жазуын жазушы Алтынсарин еді деп көрсетіп, халықты осы идеяға сендеруді көздеген. Ал қазақ әдебиетшілері, тіпті осы күнге дейін «жаңа идея Алтынсариндікі» деп жазып («Правда», 1987ж. 6 октябрь), насихаттап жатуы саяси жағынан аса нәзік астарлы мәселеге сын көзімен қарай алмай, тұтас алданып келе жатқанын көрсетеді емес пе?

Ильминскийдің екінші мақсаты-қазақтарды татарлардың ықпалынан ажыратып бөлектеп ұстаудағы басты құралы халқымызың сан ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб жазуын орыс алфавитімен алмастыруға келіп тіріледі еken осы алысты көздеген саяси мақсат тұрғысынан келіп Ильминскийдің миссионерлік әрекетіндегі «... басты радикалды құралы- қазақ тіліне орыс алфавитін енгізу. Қазақтар орыс алфавитімен жазып отырғанд, ол қазақтарды өзінің шырмауынан шығармай, өзіне тарта береді... Бұл ойды орыс шенеунің жүргізуі, тіптен келіспейді» – деген Ильминскийдің ой байламы көп нәрсені астарлы сырларын ашып бріп отыр емес пе?! Яғни, идеологиялық мәселенің өзінде де басқаньң қолымен от кесеу арқылы әркет ететін отаршыл атаулыға ортақ тәжірибелің жымысқа тәсілін сездіреді.

Ы. Алтынсарин өзінің бар емірін ағартушылық ісіне бағыттап, қазақ жастарын адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі өнерлі азамат болуға шақырады. Сондықтан оның шығармаларын оқыту - окушыларға жақсылық, әділдік, қамқорлық, қарапайымдылық сияқты адамгершілік қасиеттері қалыптастыруға көмектеседі. Қазіргі еліміздің тәуелсідік таңындағы білім саласына келетін болсақ, орта мектептер мен жоғарғы оқу орындарында Ы. Алтынсариннің білім беру жөніндегі идеяларын енгізілеу жетіспейді. Мысалға, Абайтану ғылыми сияқты Ұбырайтанау ғылыми енгізсе, келешек үрпаққа білім саласында мол үлес болар еді. Ұбырай Алтынсариннің білім беру жүйесіндегі әдістемелік нұсқаулары мен құралдарын қазіргі білім жүйесіне енгізе отырып, кең көлемде пайдалануға болады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушы - демократтар Шоқан Уәлиханов пен Ұбырай Алтынсарин еңбектерін Абай музейінің экспозициясында кең танытып көрсету жүзеге асырылып келе жатыр. Әсірсе, Алтынсариннің ақындық, ағартушылық, педагогикалық шеберлігін Абай шығармашылығымен байланыстыра көрсетуге ерекше мән беріледі.

Абайтану ғылыминың негізгі салушы Мұхтар Әуезов өзінің ғылыми еңбектерінде Абай мен Ұбырайдың ара қатынастарын үнемі анықтай, айыра зерттеп көрсетіп отырған. Мұхаң окушы кезінде Абай, Ұбырай өлеңдерімен қалай таныс болғанын еске түсіре отырып, екі ақынның өзіндік ерекшеліктерін бълайша ашып береді:

«Ең алғаш Абайдың шығармаларымен шала хат танытын бала күйінде танысқанымызда, Мурсейт молда жазған қолжазба кітапты түгелімен Абай кітабы деп білуші едік. Шеттін бастап жаттауға кірісіп едік. Сонда «сәуірде көтерілер рақмет туы» деген өліңі мен «Араз бол, кедей болсақ үрлышпенен» деген өлең Абай кітабының ішінде бірге жазылған екен. Сол шақта Абай, Ұбырай бір адам шығар деп ойлаушы едік . екеуінің қазақ ауылшындағы көктем жайындағы жазғандарын оқып отырсаныз, шынында, бір ақындық мектептің, бір түрлі ақындық дәстүрдің үлгісін кересіз және екеуі де бұрын қазақ жазбаған өлеңді жазған... Абай Ұбырайды жақсы білген. Кейін Абайдың өзі қадірлекендіктен Абайдың қолжазбаларының ішінде Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларынан жасалған аудармалар қоса кірумен бірге Ұбырай өлеңдері үнемі бірге көшіріліп жазылып жүруші еді. Абайдың өзінің тапсыруы бойынша солай болса керек... Ұбырайдың әрқашан Абай атымен бірге жазылып, жатталып, таралып, жүрүі бұл екүнің үні бір, үміті бір, арман бағыты және болашақ тағдыры бір ақын екендіктерін танытушы еді». (М. Әуезов. «Уақыт және әдиебет», 316-бет).

Әуезовтің осы пайымдауы Ұбырай еңбектері Абай еле, Абай урпактарына ертеден-ак таныс, етene болып кеткенинің және екі ақын бірін-бірі білгідігінің күесі. Мұхтар Абайдың орыс әдебиетінен, әсірсе, Пушкин поэзиясынан нәр алуына терең талдау жасайды. Пушкиннің ақындық дәстүрін менгерген Ұбырай, одан әрі жалғастырып дамытқан-Абай деп, әділ баға береді.

«Алтынсарин Пушкин жазған, орыс тұрмысынан алынған жылдың төрт мезгілі тұра-сындағы өлеңдерден көп үлгі алады. Еліктеу түрінде емес, классик ақынның, стиліне ден қойып, соның дәстүрін менгереді. Ұбырай осы көктем жайындағы жалғыз өлеңінің өзімен («Сәуірде көтерілер рақмет туы») қазақтың пейзаж жайындағы болашақ реалистік поэзия-сыш бастап кетті деуге болады...

...Абайдың кейін жазатын осы алуандас «Жазғытуры», «Жаз», «Қыс», «Құз» дейтін өлеңдерінің бәрінен біз жаңағы айттылған Алтынсарин сайфак тың жолдың түгелімен қабыл алынып, онан да ары көркейін, дами тускенін білеміз» (М. Әуезов. «Уақыт және әдиебет»).

Қазақ жазба әдебиетінің үлгілерін орыс тілді аудиторияда оқытудың әдістері жолға қойылып, қолданылып келеді. Қай іс болсын, ең алдымен, жан-жақты іздену мен мол материялды жинақтаудан басталып, оларды бірізділікке түсірумен аяқталатыны белгілі.

Ы. Алтынсаринның ой өнері мен қызметін үйрету, білгізу, жалпы, әдебиет, педагогика тарихына үнілу аса қажетті нәрсенің бірі. Өсіреке, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ зияльларышың көш басшысы ретінде оньын атқарған рөлі мен қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің қалыптасып, дамуына қосқан үлесін, қазақ балаларына ең алғаш еуропаша білім беруге үмтүлған прогресшілдігін көрсете оқыту аса қажет. Ең бастысы ауыл балаларына сол кездегі ең үздік деп саналатын әдебиет үлгілерін аударып, жан-жақты хабар, жаңалықтарды іздел тауып, бәрін кітапқа енгізіп тұнғыш қазақ хрестоматиясын шығарды. Оны жасау арқылы Алтынсарин қазақ жерінде тұнғыш рет әдебиетті пән ретінде таныта отырып, қазақ әдістемесіне жол салды. Ыбырай хрестоматиясына халық әдебиеті мен жазба әдебиеті идеясының мазмұнды, ең жақсы үлгілері енді де, мәтіндерде білімділік, тәрбиелік және эстетикалық жағы түгел қамтылды.

Ы. Алтынсарин хрестоматиясы мектепте ұлт тілін үйренудің тамаша бастамасы болды. Мектепте орыс тілін үйретуге байланысты Алтынсарин аударма әдісі дейтін жүйені енгізді. Бұл пәнді терең менгертуге негізделген, оқушылардың ынталының арттыратын әдіс болды. Ыбырайдың аударма әдісінің өзі мәтінді оқуға бұйтталғандықтан, онда оқудың толыл жатқан элементтері кездесетін: сөз, сөйлем мағынасын екі тілде бірдей ұғыну, орысша да, қазақша да ойлай, сөйлей, жаза білу, сөздік жасау, жаттау, көркем мәтінді оқыту.

Бұл әдісті қазақ тілі мен әдебиет оаис аудиториясында оқытуда қолданудың еш сөкеттігі жоқ. Себебі, жоғарыдағы әдістер міндетті түрде қролданылады.

Ы. Алтынсарин әдеби оқу әдістемесін қазақ тәжірибесіне тұнғыш енгізе отырып, тәрт түрлі факторды бірге алып қарайды: 1) материал; 2) сонын берілу тәртібі мен әдістемесі; 3) оқушы; 4) муғалім.

Әрине, бұны түп-тиүгел қазыргі кезде керек деп айтудан аулақын. Дегенмен, атап-ған факторларды кеңейтіп, түрлендіріп, қазіргі кезге сәйкестендіруге болады. Бұл педагогика тарихындағы жалпы сабак өткізуңдің қаңқдысы іспеттес сызбағана.

Ы. Алтынсарин хрестоматиялары жас буынға эстетикалық тәрбиеғана емес, үлкен жүйелі білім және қоғамдық ұғым береді Жастарды адамгершілікке, ағартушылық идеясына, қоғамдық міндетке баулыды.

Бұған, ең алдымен, «Кел балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жүрттар» өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы айғақ. Ыбырай жастарды өнерге, оқу - білімге шақыра, отырып, олардан қоғамға пайдалы, жаңа заман заман талабына сай, халыққа адал қызмет істейтін азамат, қайраткер тәрбиелеп шығарады басты мақсат етті. Сөйтіп, ол әдеби оқудың білімдік- тәрбиелік мінің бірінші орынға қойды.

Ы. Алтынсарин әңгімелерінде тарихи матираддар мен салыстыру әдісі өте көп. Мәселен, «Қарабас батыр», «Қобланды», «Алтын айдар» сияқты халық әдебиетінің үлілтері арқылы автор жастардың назарын өз жүртінің тарихына, мұрасына аудартады. Сондай-ақ, әңгімелерзінде өмір шындығы нақты бейнеленеді. Ыбырай новеллаларының образдары – ғибратшыл, шыншыл жандар. Олар- жақсылықта құмар жастар. Осы образдардың сыр – сипатын, тұлғасын тану арқылы балалар портретін жасайды.

Ыбырайдың материалды балалардың жас ерекшелігіне, түсінігіне лайықтап беру тәсілі де мейлзінше жаңа. Ыбырайдың әдеби оқу әдістемесіне тән бір жаңалығы- өлең жаттату тәсілі. Шығарманың мазмұны мен идеясын танытудың элементі бар. Мысалы, балалар «Өнер – білім бар жүрттар» өлеңі мен «Қапшақ Сейітқұл» әңгімесін оқи отырып, бұлардың бірінен прогресс идеясын білсе, екіншісінен отырықшылдық идеясын танып біледі. Ыбырай қоғанда адам мінезін оқу- білім арқылығана түзетуге болады деп сенеді.

Ыбырай сабакты оқыту жүйесіне аса көңіл бөлгөн. Сабактың жүйесіздігі баланың пәнге қызықтауын, үлгірмекуын, салақтығын туғыздады. Бұл баланың емес, мұғалімнің кінасі дейді. Ендеше, пәнді жетік білу, оқушылардың қызығуын арттыру - бұл мұғалімнің шаруасы. Біздіңше, Ы. Алтынсарина оқу - әдістемелік ойлары қашанда өзекті.

Енді Ы. Алтынсарин сабакын оқытудың бір әдісін көрсетейік.

Жинақтау – талдау – жинақтау.

Бүтің – бөлшек – бүтін.

Мазмұн – форма – идея.

Оқу – талдау – көркем оқу.

Мәтің – образ – теория.

«Бай баласы мен жарлы баласын» әдеби оқу жүйесінде 4 сабакқа құру керек. Өйткені бұл тұста істелетін жұмыстар. көп. Сабак үлгісі мұнадай:

**I сабак.** Қіріспе түсінік. (Авторы, суреттейтін заманы, жалпы проблемасы, ) Әңгіменің I тарауын сынылта оқытышш, мазмұннату, сол білімге ат қойғызу. Тапсырма - үйде оқушылар әңгіменің II - III - IV тарауларын оқып келіп, әр тарауын белек және тұтас мазмұндауга өзірленіп келеді.

**II сабак** әңгімені мазмұндану, толық мазмұнданудың ережесін беру, әәнгіменің барлық бөлімдеріне ат қойғызу, оны тақтаға, дәптерге түсіру. Бұл екі сабак оқуға арналады. Екінші сабактың аяғында әңгіменің тақырыбы ашалады. Оны оқушылардың өздеріне сұрақ беру арқылы аштырамыз. Екі баланың мінез - құлқындағы, іс - әрекеттіндегі ерекшеліктерді айта келіп, балалардың тәрбиесіне тірелеміз.

**III сабак**. Мұнда Асан мен Үсенге салыстырмалы мінездеме жасалады. Дәрісте сұрақ-жауап әдісі қолданады. Салыстырмалы мінездеме өуелі даралаудан басталады.

Өуелі оқытушы сұрақ қойып, Асанның мінезіндегі бастапқы белгіні ашады. Сол жол мен Үсеннің бастапқы мінезі анықталады. Осында жолмен олардың басқа мінездері де анықталып, ол тақтаға түседі. Сұрақ- жауап әдісімен оқытушы сол пункттерге мысал тапқышып, ат қойғызады.

**IV сабак**. Мұны теория мен мақалдап оқуға мазмұндаға немесе шығарма жазуға арнауға болады.

**Теориядан тақырып, әңгіме, образ, мінездеме мен термендердің анықтамасы беріледі.**

Студенттерге, оқушыларға оқытуға бұл әңгімені екі тұсы қолайлы. Бірі- Асанның жылайтын жерлері, екіншісі - түнгі дала көрнісі.

Сабактың аяғында а) мұғалімнің «Бай мен жарлы баласы» тұсында қандай жұмыстар жүргізгенідің жайлы есебі беріледі; ә) сол форма, терминдерді оқушылардың қалай игергені нақтыланады: б) жазба әдебеті жұмысы жүргізілген болса, соның нәтижесі ортаға салынады. Әрбір сабакта ескі мен жаңа материал ұштасып, түйісіп отырады. Мұндағы сабактар оқушылардың өздеріне жұмыс істету міндеттін көздейді.

Ұбырай атамыздың мұшадай ұстаздарға арналған ұлағатты сөзі бар: «Егер шәкіртің дәрісті түсінбесе, сен оны қінәләма, керсінше өзінді қінәла» деген.

Білім және ғылым қызыметкерлерінің II съезінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Мұғалімдер-қоғамның, ең білімді, ең ойшыл, білгілерінің келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады. Бішілі саласы қызыметкерлерінің отаншылдығы халықтың басқа буындарымен салыстырғанда анағұрлым ауыр қызындықтарды бастан кеше отырып, жастарға өзіннің бойындағы бар білімін беріп қана қоймай, оларды адамдық, адалдық, тазалық, гуманизм, Отаның сүйе білу секілді асқақ сезімдерге тәрбиеленуімен танылады» деп, ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен атқарып отырған асқарлы міндеттерінің айрықша маңызын ашып көрсеткені мәлім.

Қазіргі білім мазмұны деп жүргізмелі-мектепті жаңалау білімді, тәрбиені әлемдік білім беру жүйесіне қарай ынғайластыру. Бұл міндетті өмірге ендіріп, жүзеге асырушы-мектеп мұғалімі, ұстаз. Сондықтан да үздіксіз білім жүйесі қазіргі таңда да сол мектептің тиянақтылығын қамтамасызыз ететін стратегия мен үлкен саясатқа айналып отыр. Елдің іргетасын бекітетін де, экономикасаш ынғайтатын да, рухани қауыпсіздігін толық қамтамасыз ететін де жүйелі жұмыс істейтін мектеп пен білікті маман көмегімен берілетін терең білім.

Қалыптасқан жаңа жағдайда, мемлекетінің білім беру саласындағы саясатты тәрбиелі де өнегелі, парасатты да салмақты, ішкі жан дүниесі бай, адамгершілік түсінігі мол әрі ұлттық және дүниежүзілік жетістіктерді қоғамдық өмірің кез келген саласында дамытуға қабілетті жеке тұлғаның қалыптасуына бағытталуы тиис. Өйткені, ұлттымыздың кемелді көлешегінің ең басты кепілі-сапалы, әрі жаңа заманың талаптарына сай білім беру жүйесі.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканың орнықты өсімі мен азаматтардың әл-ауқатының артуын қамтамасызыз ететін талабына сай тубегейлі жаңартудың негізі бағыттары қандай дегенге келсек, білім мененджментін жақсарту, педагог мәртебесін арттыру мемлекеттік қолдауды күшету, шағын жинақты мектептердің даму стратегиясын жүзеге асыру, «Балапан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды толық қамту, 12 жылдық білім беруге көшу мәселелері қарастырылған.

2020 жылға дейінгі бағдарламада көрсетілген міндеттерге сәйкес еліміздің орта білім беру ұйымдардың 12 жылдық оқыту үлгісіне толықтай көшіру жүзеге асырылып, құзіреттілік тәсіліне негізделген бұл білім жүйесінің жаңа стандарттың әзірлеу және енгізу жан-жақты жоспарлануда.

Білім беру стандартының өзгеру білім берудің жаңа мазмұнын өзірлеуді талап ететіні белгілі. Жаңа білім беру мазмұнының базалық принципі-әрбір мектепте тұлғаның адамгершілікте-рухани қасиеттерін дамытуды ынталандыратын ізгілендірілген білім беру ортасын құру: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жетілдіру. Білім беру ұйымдары мен отбасыларда адамгершілік – рухани мәдениетін жоғары деңгейіне қол жеткізіледі болады.

Қазақстанның жаңа мектебін үйімдастыру идеясы білім берудің мақсаттарын қайта қаруадан тұрады. Бұл оқыту пәндерінің мазмұнын, технологиясын, құрылымын, басқару-дын, оқулықтарды, қаржыландыруды, т.б. жаңартуға мүмкіндік береді.

ХХ ғасырдың ірі өкілі, белгілі ағартушы Жұсінбек Аймауытов ұстаз қызметін бълай сипаттайты: «Балаларға білім берумен, тәрбиелеумен мұғалімнің қызметі тәмам болмайды. Ол балаларды тәрбиелеуге, үтітеуге міндетті, басқаша айтқанда, мұғалім қарапайым қызметкер емес, ол шәкірттерінің алдағы өмірін өз басынан кешірген тәжірибесіне таянып олаға келешекте өмірден аяғын шалыс басып, соққы жеп өкінбеске күні бұрын сақтаидыратын қорғаушысы, қамқоршысы». Ұлы Абайдың да «ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген нақыл сөзі педагогикалық ғылымдық таңдаған адамның өз мамандығынан шаршамайтышын, қайта керешше баланыш нәр алатыншайтады.

Ұстаздың бүгін қының еңбекпен оқытқан шәкірті ертең егеменді елінің үлкен бір азаматы болғанда біз мұны ұстаз берін мемлекеттін, ата-ана мен қоғамның ортақ жемісі деп айтамыз.

## ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

**Бекмурзина Т.Т.**

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №30 орта мектебі»ММ.

Халық педагогикасында тәрбие ісін баланың жас ерекшелігін ескере отырып жүргізуі талап еткен. Мәселен, ұлына бес жасқа дейін патшадай қара, он бес жасқа дейін қосшындағы сана, он бес жастан асқан соң ақылшы досындағы бағала” деген мәтел баланы еркін тәрбиелеудің, көмекшім деп үмітпен қараудың, ақылшым деп тең санаудың қажеттігін мегзейді. Ал бұл ғылыми педагогиканың ынтымақтастық принципімен қабысып жатыр.

Халық педагогикасында тәрбие ісін әр баланың жеке бас ерекшеліктерін (психологиясын) ескере отырып жүргізуі де ескертеді. “Баланы туады екенсің, мінезді тумайды екенсің”, “Бір биеден ала да туады, құла да туады”, “Балана үміт арту – әкенің парызы, ақтау – баланың қарызы” деп ой түйіндеғен. Баланың тәрбиесі туған, есken ортасына, ата-ананың, отбасы үлкендерінің, ұстазының үлгісіне байланысты деп қараған. Өсken ортаның тәрбиедегі әсері жөнінде А.С.Макаренко, Н.К.Крупская, А.В.Сухомлинский, А.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сынды ұлагатты ұстаздардың ой-пікірлері де халық педагогикасының қағидаларымен үндесіп жатыр.

Халық педагогикасының бір принципі балаға үлкен талап қоя білуге, оның жеке басын қадірлеуге негізделген. Баланың жіберген қателіктерін үлкендер дер кезінде бақылап, дұрыс жолға салуды мақұлдаған. “Ата балаға сыншы”, “Баланың балалығына әкенің даналығы бар”, “Ақырып айтқаннан ақылмен айтқан) артық” деген мәтелдер осы ойды құптаудан туған.

Яғни, тәрбиешінің жылды жүректі болуын, тапқырлық тәсілмен тәрбиелеуін орынды санаған.

Шәкіртті тәрбиелеу, оқыту барысында ақыл-ойын дамыту бүгінгі педагогиканың ең көкейкесті мәселелерінің бірі. Дамыта оқытып тәрбиелеу ісі асқақ арманмен байланысты. Осының құптаған ата-бабамыз “Армансыз ұлан – қанатсыз қыран”, “Арманы жоқтың пәрмені жоқ” деп, келешекті қиялдай білетін арманға, ой дербестігіне тәрбиелеуді мақсат еткен. Ал негізгі принциптерінің бірі – тәрбиенің біртұтастығы. Тәрбие ісінің біртұтастығы үрпақ тәрбиелеудегі мақсат бірлігінен туындауды. Кез келген тәрбие құралына талдау жасасақ, тәрбиенің түрлери (еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік т.б.) іштей сабактасып жатады. Оны бесік жырынан, бата-тілектер мен терме толғаулардан байқауға болады. Тәрбие ісін кешенді жүргізуі ғылыми педагогикалық еңбектер де қуаттайты. Тәрбие ісінің туғаннан өмір бойы үздіксіз жүргізуін халық педагогикасы да, ғылыми педагогика да құптаїды. Халық педагогикасы отбасы үлкендерінен бастап, ауыл ақсақалдары, өнер иелері түгел қатынасатын ұжымдық тәрбие ісіне негізделген. Халықтық педагогикада “Көп талқысы – тез”, “Көп қорқытады, терен батырады”, “Көпке қарсылық – құдайға қарсылық” деп ұжымдық тәрбиенің құптаған. Халық педагогикасы мен ғылыми педагогиканың қағидалар үндестігі келесіде: 1.Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу. 2.Баланың жеке бас мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу. 3.Тәрбиені өсken ортаның (отбасы ауыл-аймақ) үлгісіне негізделуі. 4. Балаға жылды жүректі сезіммен қарау, ынтымақтастық идеяны сақтау. 5. Баланы дамыта үйретіп тәрбиелеу, қиялдай, армандай білуге баулу. 6.Тәрбиенің біртұтастығын сақтау, тәрбие ісін кешенді түрде жүргізу. 7. Тәрбие ісінің үздіксіз жүргізуін сақтау. 8.Тәрбие ісін ұжымдық түрде жүргізуге негіздеу.